

Авиамаршруттарды субсидиялау қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1511 Қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 54) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Авиамаршруттарды субсидиялау қағидасы бекітілсін.

2. "Авиабәгіттарға бюджеттік субсидияларды жұмсау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 1344 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 50, 623-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1511 қаулысымен
бекітілген

Авиамаршруттарды субсидиялау қағидасы

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.12.2014 № 1327 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Авиамаршруттарды субсидиялау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 54) тармақшасына сәйкес әзірленген және авиамаршруттарды субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе ол уәкілеттік берген мемлекеттік органның шешімдері негізінде жүзеге асырылатын авиамаршруттар бойынша ішкі тұрақты тасымалдар, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен

астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімдері негізінде жүзеге асырылатын, авиамаршруттың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін тасымалдар бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жатады.

Авиамаршруттың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде жүзеге асырылатын, авиамаршруттар бойынша халықаралық тұрақты тасымалдар бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жатады.

Субсидиялауға әрбір авиамаршрут бойынша бөлінген бюджеттік субсидиялардың жылдық сомасы шегінде авиатасымал кезінде жолаушыларды, жүкті, поштаны және багажды тасымалдаудан алынған кіріс пен қалыптасатын пайдалану шығыстарының сомасы арасындағы айырма жатады.

Белгілі бір рейстегі пайдалану шығыстары азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептеледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.06.2019 № 435 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Авиамаршруттарды субсидиялау тәртібі

3. Республикалық бюджеттен субсидиялауға ұсынылатын авиамаршруттарды іріктеуді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган құратын комиссия (бұдан әрі – уәкілетті органның комиссиясы) жүзеге асырады.

Жергілікті бюджеттен субсидиялауға ұсынылатын авиамаршруттарды іріктеуді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары құратын комиссия (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органның комиссиясы) жүзеге асырады.

4. Авиамаршруттардың тізбесі әлеуметтік-экономикалық орындылық негізінде қалыптастырылады және уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган комиссиясының хаттамалық шешімімен ресімделеді.

5. Республикалық бюджеттен субсидиялауға ұсынылатын авиамаршруттардың тізбесіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе ол уәкілеттік берген мемлекеттік органның шешімдерімен айқындалған кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін авиамаршруттар төменде көрсетілген критерийлер бойынша қосылады:

1) астананы, республикалық маңызы бар қалаларды облыс орталықтарымен және облыстардың ірі қалаларымен байланыстыратын авиамаршруттар;

2) егер өңірдің дамуы үшін маршруттың әлеуметтік-маңызды сипатты болса, облыс орталықтарын өзара байланыстыратын авиамаршруттар және облысаралық авиамаршруттар;

3) егер өңірдің дамуы үшін маршруттың әлеуметтік-маңызды сипаты болса, астананы, республикалық маңызы бар қалаларды және облыс орталықтарын туристік

қызмет объектілерімен және республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтармен байланыстыратын авиамаршруттар.

4) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган айқындаған өзге халықаралық авиамаршруттар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе ол уәкілеттік берген мемлекеттік органның шешімімен айқындалған авиамаршруттар жергілікті атқарушы органдардың өтініштері негізінде айқындалады.

Жергілікті бюджеттен субсидиялауға ұсынылатын авиамаршруттардың тізбесіне облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімдерімен айқындалған кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін және бір облыс шегінде шалғай елді мекендермен байланысты қамтамасыз ететін авиамаршруттар қосылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.11.2017 № 722 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2019 № 435 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6. Жергілікті атқарушы органдар авиамаршрутты республикалық бюджеттен субсидиялауға ұсынылатын авиамаршруттар тізбесіне енгізу үшін уәкілетті органның комиссиясына әрбір авиамаршрут бойынша талап етілген субсидия мөлшерін көрсете отырып, қажетті есептеулерді ұсынады.

7. Уәкілетті органның комиссиясы қалыптастырған республикалық бюджеттен субсидиялауға ұсынылатын авиамаршруттардың тізбесі заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынылатын бюджеттік өтінімге енгізіледі.

Жергілікті атқарушы органның комиссиясы қалыптастырған жергілікті бюджеттен субсидиялауға жататын авиамаршруттардың тізбесі заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті қалыптастыру кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынылатын бюджеттік өтінімге енгізіледі.

8. Бюджеттік субсидиялар республикалық бюджет туралы заңда немесе мәслихаттардың тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттер туралы шешімімен айқындалған сомалар шегінде беріледі.

Авиамаршруттарды субсидиялауға бөлінген ақшалай қаражатты тиімді пайдалану мақсатында (тұрақты авиамаршруттарды бюджеттік субсидиялау шартының немесе шарттардың шеңберінде тараптардың келісімі бойынша) субсидиялауға жататын нақты сома авиамаршруттар бойынша жоспарланған субсидиялар мөлшеріне қарағанда азайған немесе артқан жағдайда:

рейстерді орындалу жиілігін өзгертуге;

жергілікті атқарушы органдардың өтініші негізінде жолаушылар легін ұлғайту және маршрутты коммерциялық негізге ауыстыру мақсатында тарифті өзгертуге;

тасымалдаушылармен келісу бойынша жылдық жалпы сома шегінде авиамаршруттар бағыттары бойынша субсидияларды қайта бөлуге жол беріледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.11.2017 № 722 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.12.2020 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8-1. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы өзгеріп, оның нәтижесінде олардың әкімшілік-аумақтық белгісі бойынша авиамаршруттардың түрі өзгерген кезде жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражаты есебінен авиатасымалдарды субсидиялау жөніндегі міндеттемелері осы жергілікті атқарушы органдарда ағымдағы қаржы жылының соңына дейін сақталады.

Ескерту. 2-тарау 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 14.10.2022 № 824 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Бюджеттік субсидияларды алу үшін тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен конкурс нәтижелері бойынша айқындалған конкурс жеңімпазы (бұдан әрі – авиакомпания) арасында немесе конкурстар арасындағы кезеңде пайдалану қажеттігі туындаған субсидияланатын авиамаршрутты бөлу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 69 қаулысымен бекітілген Жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсету үшін субсидияланатын авиамаршруттарға арналған конкурс өткізу және субсидияланатын авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларына (бұдан әрі – Конкурс өткізу қағидалары) сәйкес осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тұрақты авиамаршруттарды бюджеттік субсидиялау шарты (бұдан әрі – Шарт) жасалады.

10. Шарт жасалғаннан кейін авиакомпания ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20-күніне дейінгі мерзімде уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес авиакомпанияның субсидияланатын авиамаршруттары бойынша ұйым басшысы, бас бухгалтері қол қойған және мөрмен куәландырылған мынадай құжаттар қоса берілген есепті береді:

1) осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес авиакомпанияның субсидияланатын авиамаршруттары бойынша жолаушылардың, жүктің, багаждың және поштаның тасымалдануы туралы есеп;

2) осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес авиакомпанияның субсидияланатын авиамаршруттары бойынша шығыстар тізілімі.

11. Субсидияланатын авиамаршруттар бойынша ай сайынғы есепті қабылдағаннан кейін авиакомпания мен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган немесе

жергілікті атқарушы орган арасында осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес көрсетілген қызметтер актісі жасалады.

12. Бюджеттік субсидияларды төлеу бекітілген бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат көлемінде ай сайын жүзеге асырылады.

Есепті ай үшін бюджеттік субсидияларды төлеу есепті айдан кейінгі айдың 30-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

13. Жылдың соңғы күнтізбелік айына бюджеттік субсидияларды төлеу кейіннен келесі айдың 20-күнінен кешіктірмей нақты деректер бойынша жасалған есепті ұсына отырып, 20 желтоқсаннан кешіктірмей ұсынылған, болжамды деректер бойынша жасалған субсидияланатын авиамаршруттар бойынша көрсетілген қызметтердің алдын ала жасалған актісі негізінде жүзеге асырылады.

Қаржы жылының қорытындысы бойынша авиакомпания мен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган орындалған жұмыстардың салыстыру актісін жасай отырып, өзара есеп айырысуларды салыстыруды жүргізеді.

14. Авиамаршрутты пайдалану процесінде Шарт талаптарын орындамаған авиакомпанияларға, сондай-ақ Конкурс өткізу қағидаларына сәйкес авиамаршрутқа арналған куәлік кері қайтарып алынған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган субсидиялар төлеуді жүргізбейді.

15. Негізгі әуе кемесі жолаушылар сыйымдылығы артық резервтік әуе кемесіне айырбасталған жағдайда, бюджеттік субсидияларды төлеу әрбір авиамаршрут бойынша бөлінген субсидиялар шегінде, резервтік әуе кемесінің нақты орындаған тасымалдау көлемі бойынша жүзеге асырылады.

16. Авиамаршрутты субсидияланатындар дәрежесінен шығару мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) бірінші кезең – қатарынан алты айдың нәтижелері бойынша субсидияланатын авиамаршрутта авиарейстердің орташа айлық жолаушылар жүктелуі әуе кемесінің тасымалдау сыйымдылығының барынша коммерциялық жүктелуінен 60 %-ға дейін жеткен кезде авиакомпания азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға авиатасымалдарға тарифті көтеру туралы ұсыныс енгізеді;

2) екінші кезең – қатарынан алты айдың нәтижелері бойынша субсидияланатын авиамаршруттағы авиарейстердің орташа айлық жолаушылар жүктелуі әуе кемесінің тасымалдау сыйымдылығының барынша коммерциялық жүктелуінен 70 %-ға дейін жеткен кезде авиакомпания азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға авиатасымалдарға тарифті көтеру туралы ұсыныс енгізеді;

3) үшінші кезең – қатарынан алты айдың нәтижелері бойынша субсидияланатын авиамаршрутта авиарейстердің орташа айлық жолаушылар жүктелуі әуе кемесінің тасымалдау сыйымдылығының барынша коммерциялық жүктелуінен 80 %-ға дейін

жеткен кезде авиакомпания азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға авиатасымалдарға тарифті көтеру туралы ұсыныс енгізеді;

4) төртінші кезең – қатарынан алты айдың нәтижелері бойынша субсидияланатын авиамаршрутта авиарейстердің орташа айлық жүктелуі әуе кемесінің тасымалдау сыйымдылығының барынша коммерциялық жүктелуінен 80 %-ға жоғары болған кезде, аталған маршрут шығынды болмаған жағдайда авиамаршрут коммерциялық негізге аударылады.

Субсидияланатын авиамаршруттардағы коммерциялық тұрақты рейстерді кемінде алты ай басқа авиакомпаниялар орындаған кезде авиамаршрутты субсидиялау тоқтатылады.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган авиакомпаниялардан түскен ұсыныстарды қарайды және үш жұмыс күні ішінде жауап береді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.06.2019 № 435 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Авиамаршруттарды субсидиялау
қағидасына
1-қосымша

Тұрақты авиамаршруттарды бюджеттік субсидиялаудың

№ _____ шарты

Орналасқан жері 20_ жылғы "___" _____

Бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын

_____ атынан
(Тапсырыс берушінің толық атауы)

_____ (уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

бір тараптан және бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын

_____ негізінде әрекет ететін
(Жарғының, Ереженің және т.б.)

_____ атынан
(Орындаушының толық атауы)

_____ (уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

бұдан әрі "Тараптар" деп аталатындар төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шарттың нысанасы

1. Орындаушы авиамаршруттың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін маршруттар бойынша тұрақты авиатасымалдарды жүзеге асырады.

2. Тапсырыс беруші авиатасымалдарды субсидиялауды республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырады. Әрбір авиамаршрут бойынша бөлінген субсидиялардың жылдық сомасы шегінде жолаушыларды, жүкті, почтаны және багажды тасымалдаудан алынған кіріс пен авиатасымал кезінде қалыптасатын пайдалану шығыстарының сомасы арасындағы айырма субсидиялауға жатады.

3. Кіріс деңгейі қамтамасыз етілмейтін авиамаршруттардың тізбесі, әрбір авиамаршрут бойынша бөлінген субсидиялардың жылдық жалпы сомасы, жиіліктердің ең төменгі саны, әрбір субсидияланатын авиамаршрутқа тариф және әуе кемесіндегі талап етілетін отырғызу орындарының ең аз саны осы Шартқа қосымшада көрсетіледі.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Халықты әуе қатынасына қанағаттандыру мақсатында Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымша шартқа сәйкес маршрутты пайдалану талаптарын өзгертуге құқылы.

2. Тапсырыс беруші заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Шартта көзделген мерзімде авиамаршруттарды бюджеттік субсидиялауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

3. Орындаушы авиамаршруттарға арналған куәліктерге, азаматтық авиация қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес авиатасымалдарды уақтылы және сапалы орындауға міндеттенеді.

3. Өзара есеп айырысу тәртібі

1. Орындаушы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20-күніне дейінгі мерзімде Тапсырыс берушіге Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес субсидияланатын авиамаршруттар бойынша ұйымның басшысы, бас бухгалтері куәландырған және Орындаушының мөрімен расталған, мынадай құжаттар қоса берілген есепті ұсынады:

1) Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес субсидияланатын авиамаршруттар бойынша жолаушыларды, жүкті, багажды және почтаны тасымалдау туралы есеп;

2) Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес субсидияланатын авиамаршруттар бойынша шығыстар тізілімі.

2. Қоса берілген құжаттары бар субсидияланатын авиамаршруттар бойынша айлық есепті қабылдағаннан кейін Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес көрсетілген қызметтер актісі жасалады және бюджеттік субсидияларды төлеу бюджеттік бағдарламамен бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат көлемінде ай сайын жүзеге асырылады.

Есептік айға бюджеттік субсидияларды төлеу есепті айдан кейінгі айдың 30-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

3. Жылдың соңғы күнтізбелік айына бюджеттік субсидияларды төлеу келесі айдың 20-күнінен кешіктірмейтін нақты деректер бойынша жасалған есепті кейіннен ұсына отырып, 20 желтоқсанның кешіктірмей ұсынылған, болжамды деректер бойынша жасалған субсидияланатын авиамаршруттар жөніндегі көрсетілген қызметтерінің алдын ала актісі негізінде жүзеге асырылады.

4. Қаржы жылының қорытындылары бойынша авиакомпания мен уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган орындалған жұмыстарын салыстыру актісін жасай отырып, өзара есеп айырысуларды салыстыруды жүргізеді.

4. Тараптардың жауапкершілігі

1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісті түрде орындамағаны үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапты болады.

2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған Тарап күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімде бұл туралы екінші Тарапты хабардар етуге және бұзушылықтарды жою үшін қолынан келетіннің бәрін жасауға міндеттенеді.

5. Форс-мажорлық мән-жайлар

1. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда, әрбір Тарап бұл туралы екінші Тарапты күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімде дереу хабардар етуге тиіс.

2. "Форс-мажорлық" мән-жайлар деп дүлей зілзалалар, осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың іс-қимылдары, әскери іс-қимылдар, төтенше жағдайлар мен жұмылдыру іс-шараларын жариялау, ауа райы мен табиғи және Тараптарға тәуелсіз, олардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін кез келген басқа да жағдайлар түсініледі.

3. Егер форс-мажорлық мән-жайлар күнтізбелік отыз күн ішінде әрекет еткен және тоқтамаған жағдайда, Тараптар осы Шарт бойынша өздерінің кейінгі іс-қимылдарын жазбаша түрде келіседі.

6. Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту мен бұзу шарттары, дауларды қарау тәртібі

1. Осы Шарт 20 жылғы "___" _____ бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" _____ дейін қолданылады.

2. Осы Шарттың қолданылу мерзімін екі Тараптың келісімімен тиісті Қосымша келісім жасай отырып, авиамаршрутқа берілген куәлікте көзделген мерзімге ұзартуға болады.

3. Осы Шарт мынадай негіздер бойынша бұзылуы мүмкін:

1) авиамаршрутқа (жолаушыларды, багажды, жүкті және почтаны тасымалдау бойынша қызметтер көрсету үшін) арналған куәлік кері қайтарылған жағдайда;

2) Тараптардың өзара келісімі бойынша;

3) екінші Тарап міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Тараптардың бірінің талап етуі бойынша.

4. Осы Шартты орындаудан біржақты бас тарту немесе осы Шартты біржақты бұзу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Тараптар туындаған даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешеді, келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда - азаматтық авиация қызметін реттейтін заңнамаға сәйкес сот тәртібімен шешілетін болады.

6. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде _____ тілінде (тілдерінде), әрбір Тарап үшін бір-бірден заңды күші бірдей екі данада жасалады және оларға екі Тарап та қол қояды.

7. Осы Шарт 20__ жылғы " __ " _____, _____ қаласында, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан заңды күші бірдей екі данада _____ тілінде жасалды.

Тараптардың деректемелері мен қолдары

Тапсырыс беруші Орындаушы

(толық атауы) (толық атауы)

(мекенжайы) (мекенжайы)

(басшының Т.А.Ә.) (басшының Т.А.Ә.)

(қолы) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____ 20__ жылғы " __ " _____

М.О. М.О.

Тұрақты авиамаршруттарды
бюджеттік субсидиялау
шартына қосымша

Кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін авиамаршруттардың тізбесі

Өлшем бірлігі: теңге, ҚҚС-пен

Р/с №	Авиамаршрут	Тариф (әуежай және сақтандыру)	1 кг жүктің және

		Авиамаршрут қа бөлінген сома	Жиілік саны (алымдарын аптасына)	алымдарын есепке алғанда)	багаждың тарифі	Өзге де шығыстар
1	2	3	4	5	6	7

Осы қосымша 20__ жылғы " __ " _____ № _____ Тұрақты
авиамаршруттарды бюджеттік субсидиялау шартының ажырамас бөлігі болып
табылады.

Тапсырыс беруші Орындаушы

(Т.А.Ә., қолы) (Т.А.Ә., қолы)

20__ жылғы " __ " _____ 20__ жылғы " __ " _____

Авиамаршруттарды субсидиялау
қағидасына
2-қосымша

**(авиакомпанияның атауы) авиакомпаниясының субсидияланатын авиамаршруттары
жөніндегі**

20__ жылғы _____ есебі

Мерзімділігі: ай сайынғы, өлшем бірлігі: теңге, ҚҚС-пен

Рейс күні	Рейс №	Марш руты	Ұшу сағат ы	Ә К типі	Ә К бойы нша ұшу сағат ының өзінді к құны	Әуеж а й қызме ті	Ж Ж М	АНҚ	Мете оқамт амасы з ету	Өзге де шығы стар	Барл ы қ пайда лану шығы стары	Тасы малда нған жолау шыла р саны	Кіріс	Субси дияла уға жатат ы н сома
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15

Басшы _____

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

Бас бухгалтер _____

(бас бухгалтердің қолы, Т.А.Ә.)

М.О.

Авиамаршруттарды субсидиялау
қағидасына
3-қосымша

(авиакомпанияның атауы) авиакомпаниясының субсидияланатын авиамаршруттары бойынша жолаушыларды, жүкті, багажды және почтаны тасымалдау туралы 20__ жылғы " __ " _____ есебі

Өлшем бірлігі: теңге, ҚҚС-пен

Ұшу күні	Рейс №	Авиамаршрут	Жолаушы купонының №	Ересек/Бала/Сәби	Жолаушылар саны экономикалық/бизнес класс	Тариф экономикалық/бизнес класс	Төлемдік багаж түбіртегінің №	Мөлшері, кг	Тариф	Почта, жүк құжатының берілген күні	Почта мен жүктің мөлшері кг	Тариф	Кіріс
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

Басшы _____
(басшының қолы, Т.А.Ә.)
Бас бухгалтер _____
(бас бухгалтердің қолы, Т.А.Ә.)
М.О.

Авиамаршруттарды субсидиялау
қағидасына
4-қосымша

(авиакомпанияның атауы) авиакомпаниясының субсидияланатын авиамаршруттары бойынша 20__ жылғы _____ шығыстарының тізілімі

Өлшем бірлігі: теңге, ҚҚС-пен

Рейс күні	Рейс №.	Авиамаршрут	Қызмет берушінің атауы	Шығыстарды растайтын құжаттар	Сомасы
1	2	3	4	5	6
Жиыны					

Басшы _____
(басшының қолы, Т.А.Ә.)
Бас бухгалтер _____
(бас бухгалтердің қолы, Т.А.Ә.)
М.О.

Авиамаршруттарды субсидиялау
қағидасына
5-қосымша

Көрсетілген қызметтер актісі

20__ жылғы " __ " _____

Біз, төменде қол қойған _____

бір тараптан және _____

екінші тараптан, 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

көрсетілген қызметтердің осы актісін жасадық.

Авиамаршруттың атауы	Бір айда орындаған рейстер саны	Тасымалданған жолаушылардың саны
----------------------	---------------------------------	----------------------------------

Нәтижесінде қаржыландыру жоспарына сәйкес субсидиялау сомасы _____

_____ құрайды.

(сомасы санмен және жазбаша теңгемен)

Тапсырыс беруші Авиаккомпания

(басшының немесе ол уәкілеттік (басшының қолы, Т.А.Ә.)

берген адамның қолы, Т.А.Ә.)

М.О. М.О